

ЕРЖАН ТӘТІШЕВ ҚОРЫНЫҢ «БЕСТІРЕК»

БІЛІМ ГРАНТТАРЫ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ЕРЕЖЕСІ

КІРІСПЕ

"Бестірек" бағдарламасы — PBL (practice based learning) деп аталатын тәжірибе негізінде оқытуға бағытталған бағдарлама. Бағдарлама атауында оның негізін құрайтын бес тірек бар: стипендияның жеке басы мен әлеуеті, қорды гранттық қолдау, университетте алынған білім, менторларды қолдау және тағылымдамада немесе қосымша оқу курстарында ішкі грант шеңберінде алынған білім.

Бағдарламаның мақсаты – айқын көшбасшылық қабілеті және кәсіпкерлікпен айналысуға ұмтылысы бар ең үздік студенттерді анықтау және қолдау.

Бағдарлама байқауына кәсіпкерлікті игеруге және өз ісін ашуға ниет білдіретін ағымды жылдың мектеп немесе колледж түлектері, сонымен қатар балалар үйі түлектері шақырылады.

Ержан Тәтішев Қорының білім гранттары байқаудың іріктеу нәтижелері бойынша тағайындалады, олар, ең алдымен, үміткердің көшбасшылық қасиеттерін, оның академиялық білімі мен жетістіктерін анықтауға, сондай-ақ жеке тұлғалық қасиеттерін анықтауға негізделеді. Білім гранты Қор тарапынан бүкіл оқу кезеңіне беріледі.

ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

Ержан Тәтішев Қорының (бұдан әрі Қор) білім гранттары Алматы Менеджмент Университетінде (бұдан әрі AlmaU) «кәсіпкерлік саласында бизнес басқару» мамандығы бойынша оқуға мүмкіндік береді. Білім гранттарына **жоғары оқу орнына алғашқы рет түсіп отырған**, байқаудың барлық іріктеу кезеңдерінен өтіп, қаржылық көмекке мұқтаж екендігін құжатпен растаған мектеп және колледж түлектері үміткер бола алады. Байқауға Қазақстан Республикасының азаматы болып табылатын жастар шақырылады.

Білім гранты келесі шығындарды қамтиды:

- AlmaU-да КСБ / БАОП (кәсіпкерлік саласында басқару / бизнес-администрирование в области предпринимательства);
- Ай сайын төленетін шәкіртақы (сессия нәтижелеріне негізделеді);
- Тағылымдамадан немесе қосымша оқу курстарынан өту мүмкіндігі (білімгерлер арасында өтетін байқау жеңімпаздары ынталандырылады);
- Стартапты бастауға берілетін грант (әр жоба жеке қарастырылады).


Бағдарлама критерийлері

Байқауға келесі критерийлерге сай болатын жастар шақырылады:

- Қазақстан Республикасының азаматтары;
- ЖОО алғаш рет түскелі отырған мектеп / колледж / балалар үйі түлектері;
- ҰБТ-да таңдалатын пәндер – математика, география, 80 ұпайдан кем емес;

- Кәсіпкерлікке ұмтылысы, көшбасшылық қабілеті, жоғары оқу үлгірімі мен жетістігі бар болуы.

Іріктеу үрдісі үш айналымнан тұрады:



БАЙҚАУҒА ҚАТЫСУ ҮШІН НЕ ІСТЕУ КЕРЕК?

1-АЙНАЛЫМ

- 1) Төмендегі үш тәсілдің біреуін таңдап, гугл-форманы толтырыңыз.

QR-код арқылы



Мына [сілтеме](#)

немесе

Instagram

[таплінкі](#)

арқылы

[Қор сайты](#)

арқылы

**Программа
"БесТірек"**

[Отправить документ!](#)

- 2) **1-АЙНАЛЫМНЫҢ ҚҰЖАТТАР ТІЗІМІ** бойынша үміткердің жеке қабілеті мен жетістігіне қатысты құжаттарды жинап, сканерден өткізу немесе фотоға түсіру керек, бейне визитканы түсіру керек.
- 3) 30 сәуірге 2025 ж. дейін құжаттар мен бейне визитканы кез-келген цифрлік архивке жүктеп (мысалы, Google Drive), Қордың info@ytf.kz эл.поштасына жіберу керек.

2-АЙНАЛЫМ

- 1) **2-АЙНАЛЫМНЫҢ ҚҰЖАТТАР ТІЗІМІ** бойынша үміткер отбасының қаржылық жағдайы туралы құжаттарды жинап, сканерден өткізу керек немесе фотоға түсіру керек.
- 2) 31 мамырға 2025 ж. дейін құжаттарды кез-келген цифрлік архивке жүктеп, Қордың info@ytf.kz эл.поштасына жіберу керек.

3-АЙНАЛЫМ

- 1) Интерактивті ойынға қатысу.
- 2) Түсуге қажетті құжаттарды АлмаЮ-дың қабылдау комиссиясына өткізу.

Онлайн өтінімді орыс немесе қазақ тілінде тапсыруға болады. Барлық ақпарат пен құжаты бар өтінім ғана толық деп саналады. Небір құжаттың жоқтығы ұпайды азайтады және байқаудың келесі кезеңдеріне өтуге кедергі болуы мүмкін. Үміткер өтінімдегі құжаттардың түгел екендігіне, толыққанды ақпарат беретініне және әрі қарай қарастырылатынына көз жеткізуі абзал. Қор үміткердің қолданған байланыс сервисінің немесе Интернеттің жұмыс ақауларына жауап бермейді. Жалған ақпарат/құжат берген үміткердің өтінімі байқаудан шеттеледі, небір құжаты жетіспейтін өтінімдер қарастырылмайды!

Қор байқаудың әрбір кезеңінен соң, шыққан нәтижесі жайында үміткерлерді хабардар етеді. Алғашқы екі айналымнан өтіп, жартылай мәреге жеткен үміткерлерге электрондық поштаға 3-айналымға шақыру хаты мен 3-айналымды өту ережелері бар нұсқаулық жіберіледі. Әр үміткер Қордың электрондық поштасына қатысуы я қатыспауы туралы хат жіберуі тиіс. Үміткерлермен байланыс электрондық пошта, whatsapp/telegram, телефон арқылы жүзеге асырылады. Іріктеу кезінде үміткердің байланыс деректері өзгерсе, ол жайында Қор қызметкерлеріне хабарлауы тиіс.

Гранттарды тағайындау жөнінде қорытынды шешім байқау комиссиясымен қабылданады және Қордың Қамқоршы Кеңесімен бекітіледі. Кей жағдайда байқау комиссиясы қорытынды шешім қабылданбай тұрып, үміткерден қосымша ақпарат талап етуі мүмкін, үміткердің өзімен немесе басқа отбасы мүшелерімен қосымша сұхбат өтізуі мүмкін.

Үміткер Қорға байқауға қажетті құжаттарды тапсырумен қатар, Университеттің қабылдау комиссиясына өзі уақытылы хабарласып, оқу орнына түсу ретін, қажетті құжат жайында өз бетімен білуі тиіс. Қор оқу орнынан бөлек қайырымдылық мекеме екенін және Қор грантына іріктеу мен университетке түсу – бір-біріне қатысы жоқ, қатар жүретін екі процесс екенін естен шығармау тиіс. Қор байқауына қатысып, жеңімпаз атанған үміткер оқу орнына автоматты түрде қабылданбайды. Қор оқу орнының үміткерлерді қабылдау шарттары туралы кеңес бере алмайды және қосымша ақпарат таратпайды.

1-АЙНАЛЫМНЫҢ ҚҰЖАТТАР ТІЗІМІ

1. Ынталану эссесі және бейне визитка

Ынталану эссесі – Сіздің күшті және әлсіз жақтарыңызды, кәсіби мақсаттарыңыз бен мансаптарыңызды, оқудан тыс уақытта немен айналысатыныңызды сипаттайтын, отбасыңыз бен оның құндылықтары жайлы, отбасы мүшелерімен қарым-қатынасыңыз жайлы қысқаша әңгіме. Онда осы бағдарламаға не себепті өтінім беріп отырғаныңызды және болашақта алған біліміңізді қалай қолданатыныңызды әңгімелеуіңіз керек. Эссені үміткер қолдан жазып немесе компьютерде теріп жазуына болады, эссе көлемі – 2-3 бет.

Бейне визитка – өзіңізді байқау комиссиясына таныстыру және қандай жетістіктеріңіздің бар екендігін көрсету мақсатымен дайындалады. Оның стилі мен мазмұны – үміткер еркінде. Бейне визитка тігінен түсірілуі тиіс, ұзақтығы – 1 минуттан аспау керек. Аталған талаптарға сай болмаған бейне визиткалар қабылданбайды және байқау комиссиясымен бағаланбайды.

2. Оқу үлгірімі

9-сыныпты бітіргенде алған аттестат пен 10-сынып табелі (мектеп түлектері үшін) немесе толық бітірген соңғы курстың сынақ кітапшасының парақшалары (колледж түлектері үшін). Байқаудың 2-айналымына табысты өткен үміткерлер аттестат немесе дипломды алған бойда өткізеді. Егер үміткер мектеп я колледжі биыл емес, одан ерте бітірген болса, онда аттестат немесе диплом талап етіледі.

3. ҰБТ

Байқауға 2025 жылдың қаңтарынан кейін тапсырылған ҰБТ сертификаттарының кез-келгені қабылдана береді. Таңдалатын пәндер – математика және география, 80 ұпай. Егер Сіздің байқау басталмай тұрып тапсырған ҰБТ-ңыз аталған талаптарға сай болса, онда сол сертификатты өткізуге болады.

4. Ұсыныс хаттары

Ұсыныс хаттарын Сізді жақсы білетін екі адам үлгі бойынша толтыру керек. Ұсыныс хаттарын мұғалім, сынып, топ жетекшісі, мектеп немесе колледж директоры, завуч, тәлімгер, жаттықтырушы, жұмыс беруші толтыра алады.

5. Марапаттар

Бестен аспайтын және Сіздің пәндік, спорттық және шығармашылық сайыстарға қатынасқаныңызды растайтын дипломдар, сертификаттар, мадақтаулар. Марапаттарды маңыздылығына қарай 1-ден 5-ке дейін нөмірлеп қоб керек (бестен артық марапаттарды комиссия қарастырмайды). Жүлделі орындары, дәрежелері, разрядтары бар марапаттар жәй марапаттан жоғары бағаланады. Сонымен бірге сайстың деңгейіне де мән беріледі (мектепшілік, аудандық, қалалық, облыстық, республикалық, халықаралық).

6. Жеке кәуәлік

Жеке кәуәліктің екі беті.

7. Толық емес отбасынан шыққан жастар және интернаттық мекеме түлектеріне

- Некені бұзу туралы кәуәлік
- Ата-ананың қайтыс болуы туралы кәуәлік
- Асырап алу туралы анықтама
- Ата-ананың құқығына айыру туралы сот шешімінен үзінді жазба

2-АЙНАЛЫМНЫҢ ҚҰЖАТТАР ТІЗІМІ

1. Отбасы құрамы

Отбасындағы кәмелетке толған әр адамның жеке кәуәлігі (екі жағы), кәмелетке толмағандардың тууы туралы кәуәлігі.

2. Мекен-жай, көлік және ЖК

Әрбір отбасы мүшесінің egov.kz порталындағы жеке кабинетінен келесі скриншоттар:

- Тіркелген мекен-жайы туралы
- 18 жасқа толғандарға көлік құралдарының бар-жоғы туралы
- Кәсіпкер ретінде тіркелген тіркелмегені туралы

3. Жылжымайтын мүлік пен көлік

- Әрбір отбасы мүшесінің жылжымайтын мүлігінің бар-жоғын растайтын анықтама (ХҚО-да немесе egov.kz порталында бар)
- <https://krisha.kz/valuation/> сайтында әрбір тіркелген жылжымайтын мүліктің және <https://kolesa.kz/> сайтында ұқсас көлік құралының нарықтық бағасы (скриншот түрінде қабылданады).

4. Табыс

Соңғы 12 ай ішінде алған табыс мөлшері туралы құжат пен ақпарат:

- Әрбір отбасы мүшесінің алған жалақысы/қаламақысы туралы анықтама (жұмыс орнынан алынады)
- Зейнетақы шотынан үзінді (ХҚО немесе egov.kz порталынан алынады).
- Табыс туралы декларация (жеке кәсіпкер болса).
- Жұмыссыздық туралы анықтама (жұмыссыз болса).
- Зейнетақы мөлшерін көрсететін зейнетақы күәлігі (жасына байланысты зейнеткер болса).
- МСЭК анықтамасы және мүгедектікпен байланысты алатын зейнетақы туралы анықтама (мүгедектігі бар болса).
- Жәрдемақы туралы анықтама (көпбалалы, асыраушысынан айырылған болса, баланы бағумен байланысты және т.б. жәрдемақы алса).

Толық емес отбасынан шыққан жастар және интернаттық мекеме түлектеріне:

- Алименттің бар-жоғын растайтын құжат
- Асыраушысынан айрылуымен байланысты төленетін жәрдемақы туралы анықтама
- Жетім қалуымен байланысты төлететін жәрдемақы туралы анықтама

3-АЙНАЛЫМҒА ҚАТЫСУ

3-айналым интерактивті ойын түрінде өтеді. Бұл айналым арнайы дайындықты қажет етпейді, алайда үміткерлер бар қабілеті мен машықтарын көрсете білулері тиіс. Топ ішінде және жеке тапсырмаларды орындау барысында олар басқалармен қарым-қатынас құра білу, жеке тапсырмаларды орындау, сабырлық, эмоционалды және ой-өрісін, іскерлік сияқты қабілеттерін көрсетуге даяр болулары абзал. Карантин жағдайында интерактивті ойын онлайн, zoom арқылы өтеді. Қор 3-айналым қандай форматта өтетіні жайында алдын-ала хабарлайды.

3-айналым Алматыда орналасқан Алматы Менеджмент Университетінде өтеді. Іріктеуден өткендері туралы хатты алған бойда үміткерлер 3-айналымға қатысатындарын растау керек. Интерактивті ойынға қатынасуға байланысты туындайтын шығындардың басым бөлігін Қор өз мойнына алады, оның ішінде: 1) қонақ үй/хостел шығындары; 2) түскі ас; 3) пойыз (купе/плацкарт) немесе автобус шығындары. Үміткерлер ойынның өтетін уақыты жайында ақпаратты алған бетте, өз есебінен темір жол немесе автобус билеттерін сатып алулары қажет және билеттерін үйге қайтып келгенше сақтаулары шарт. Жол шығындары Алматыға жеткен соң әр үміткердің жеке банк картасына аударылады. Электрондық билеттерді 3-айналымға дейін Қордың эл.поштасына жіберу керек, Қағаз билет болса, Алматыға дейінгі билет келген бойда Қор қызметкерлеріне өткізіледі, ал қайтар жолдың билетін үміткер үйіне жеткен бойда поштамен жіберуі тиіс.

ҰБТ-ҒА ҚАТЫСТЫ ТАЛАПТАР

«БесТірек» бағдарламасын шарттарына сәйкес мектеп түлектері де, колледж бітірушілер де ҰБТ тапсырып, «математика» және «география» пәндерін таңдаулары шарт. ҰБТ нәтижесі кем дегенде 80 ұпай болуы тиіс. Қорға өтінім тапсырған уақытта үміткердің ҰБТ сертификаты болмауы немесе ол оны қайта тапсыруды жоспарлауы мүмкін. Онда ол сертификатты 3-айналымға өткен жағдайда, өзімен бірге алып келуі керек. ҰБТ талаптары жыл сайын өзгеруі ықтимал екенін ескеру қажет және бұл жайында ақпаратты серіктес университеттен алдын-ала біліп алған жөн.

АҒЫЛШЫН ТІЛІН МЕҢГЕРУ ДЕҢГЕЙІ

Ағылшын тілін білетін үміткер басқалардың алдында артықшылығы бар, алайда бұл қатаң талап болып табылмайды.

БІЛІМГЕРЛЕР МІНДЕТТЕМЕЛЕРІ

Грант иелері қабылдаушы университеттің академиялық стандарттарын сақтауы тиіс және бағдарлама бойынша толық оқу курсын өтуге міндетті. Оқу немесе кәсіби стандарттарға сай болмаған білімгер қаржылық көмектен айрылуы мүмкін. Білімгерлер қоғамдық өмірге белсенді ат салысуы, Қордың атын жаңғыртуы, еріктілік жұмыстары мен Қор және Университеттің өміріне белсене араласа отырып, әлеуметтік жауапкершілік танытуы керек. Қор білім гранты бойынша білім алып отырған студенттерге қатысты қосымша мәліметтерді ЖОО-нан сұратуы мүмкін.

Білім гранты бір оқу жылына немесе бір семестрге бөлініп төленеді және грант иесі оқуда үздік көрсеткіштерге жетсе, еріктілік жұмыстарын белсенді атқарып, Қордың өміріне ат салысса, грант оның еншісінде қалады. Білім гранты ЖОО-да оқу мерзімін ғана қамтиды. Алмасу бағдарламаларынан бөлек мына жағдайларда: академиялық үзіліс алса, ЖОО-нан шығарылса, өзге ЖОО-на кетсе/ауысса, грант бойынша төлемдер доғарылады. Оқып жүрген университеттің оқу талаптарына және кәсіби стандарттарына сай келмеген студент гранттық қолдаудан айрылады. Бұл жағдайда білімгердің отбасы Қордың барлық шығындарын толықтай өтеуге міндетті болады.

Қор қызметкерлерінің және Қамқоршы Кеңесі мүшелерінің жақын туыстары байқауға қатыса алмайды. Білім гранттарының саны және мөлшер жыл сайын Қор басшылығымен бекітіледі, бөлінетін грант саны онға дейін шектелген. Қор гранттарды тағайындауға байланысты қабылданған шешімдерін түсіндірмеуге, берілген ақпаратты тексеруге және ол ақпарат жалған болса, кез келген үміткерді байқауға қатыстырмауға құқылы.

Өтінімге қатысты сұрақтар туындаса, өзіңізге ыңғайлы жолмен бізбен хабарласыңыз:

- Мына нөмірлер арқылы хабарласыңыз: +7 (700) 331 13 14
- Telegram-чатқа қосылыңыз: <https://t.me/bestirek2024>
- Ватсапқа: +7 (700) 331 13 14, Инстаграмда direct-ке @tatishev.foundation немесе эл.поштасына: info@ytf.kz жазыңыз.

Өтінімдер 30 сәуір 2025 ж. сағат 17:00-ге дейін қабылданады.